

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ _____
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ және _____
арасында

(ұйымның, кәсіпорынның атауы)

Ақтөбе қаласы

« ____ » _____ 20__ г.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, бұдан әрі – Университет деп аталып, оның атынан 2026 жылғы 10 наурыздағы №11 сенімхат негізінде әрекет етуші Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мясникова Людмила Николаевна, бір жағынан, және _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

_____ бұдан әрі "кәсіпорын" деп аталатын _____
(Жарғы, өкім, бұйрық) (қызметі, Т.А.Ә.)

_____ екінші жағынан, Қазақстан Республикасының

қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы төмендегілер туралы меморандум жасасты.

1. МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ

1.1. Меморандумның мәні _____ даярлау бағыттары бойынша тиісті кадрларды даярлауға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру бойынша өзара қызығушылық тудыратын ынтымақтастық болып табылады.

1.2. Университет қызметкерлерінің, кәсіпорын қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

1.3. Технологиялық процеске, жаңа технологияларды енгізуге арналған жабдықтардың жұмысына, кадрларды даярлауды, кәсіпорынның өнімділігін жақсарту бойынша ғылыми әзірлемелерге талдау жүргізу.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Тараптардың ынтымақтастығы:

2.1.1 Кәсіпорында тиімді оқытуға, кәсіптік дамуға, өндірісте практикалық дағдыларды игеруге және білікті кадрларды шығаруға жәрдемдесу үшін университет білім алушыларының кәсіптік практикасын, тағылымдамасын (бұдан әрі – практика) ұйымдастыру және өткізу.

2.1.2 Екі тарап үшін де өзекті бағыттар бойынша білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде университеттің кәсіпорынмен өзара іс-қимылының тиімді тетіктерін әзірлеу және сынақтан өткізу.

2.1.3 Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес кәсіпорын үшін жоғары кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау және қайта даярлау.

2.1.4 Бірлескен іс-шараларды, оның ішінде ғылыми және әдістемелік форумдарды, консультацияларды, көрмелерді, презентацияларды, бос орындар жәрмеңкелерін, спорттық іс-шараларды өткізу.

2.1.5 Өзара қызығушылық тудыратын ғылыми зерттеулер, жаңа әзірлемелер, жарияланымдар және басқа материалдар бойынша ақпаратты таратуға жәрдемдесу.

2.1.6 Кәсіпорында университет білім алушылары үшін дуальды оқыту элементтерін енгізу.

2.1.7 Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

2.2 Осы меморандум университет пен кәсіпорын арасындағы өзара іс-қимылдың базалық шарттарын айқындайды. Бұдан әрі Тараптар қосымша меморандум мен келісімдер негізінде осы ынтымақтастықтың шеңберін кеңейтуге құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1 Университет пен кәсіпорынның бірлескен іс-қимылы:

3.1.1 Қажет болған жағдайда білім алушыларды кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде жоспарланған көлемде және өндірісте талап етілетін даярлық бағыттары бойынша жұмыс істеу үшін нысаналы даярлауды қамтамасыз ету.

3.1.2 Кәсіпорында қажеттілік болған жағдайда, университетті бітіргеннен кейін кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне жұмысқа түсу үшін білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз етеді.

3.1.3 Меморандум қатынастарды сындарлы іске асыру, осы меморандум талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін Университет пен кәсіпорын тараптардың әртүрлі бірлескен жобалары шеңберінде бірлесіп жеке меморандум жасаса алады.

3.2 Университеттің Міндеттемелері:

3.2.1 Оқу жылы кезеңінде кәсіпорынға үміткерлердің тізімін және білім алушыларды конкурстық негізде іріктеу үшін практикадан өтудің күнтізбелік кестесін (арнайы нысан бойынша) ұсыну.

3.2.2 Білім алушылардың практикадан өту үшін қажетті, әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.

3.2.3 Кәсіпорын базасында университет білім алушыларына дуальды білім беру жүйесінің элементтерін енгізу.

3.2.4 Модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін кәсіпорынның білікті мамандарын тарту.

3.2.5 Кәсіпорын мамандарын аудиториялық сабақтар өткізуге тарту.

3.3 Кәсіпорынның Міндеттемелері:

3.3.1 Кәсіпорын тарапынан өндірістік практика жетекшісі ретінде білікті маманды бұйрықпен тағайындау

3.3.2 Университеттің білім алушылары үшін дуальды білім беру элементтерін енгізу.

3.3.3 Практикадан өту кезеңінде теориялық білімді бекіту мақсатында білім алушыларға болашақ мамандығының жұмыс бейіні бойынша практикалық дағдыларды игеруге мүмкіндік беру.

3.3.4 Білім алушылардың бағдарламаны және тәжірибенің күнтізбелік кестесін орындауын қамтамасыз ету.

3.3.5 Білім алушыларды кәсіпорындағы ішкі тәртіп ережелерімен, еңбекті қорғау талаптарымен, қауіпсіздік техникасымен, өндірістік санитария нормаларымен және практикадан өту ережелерімен таныстыру, сондай-ақ олардың қатаң сақталуын талап ету.

3.3.6 Білім алушыларға қолда бар әдебиеттерді, басқа құжаттамалар мен техниканы пайдалануға мүмкіндік беру.

3.3.7 Білім алушылардың есептерін қарау және практика аяқталғаннан кейін әр студентке практика нәтижелері туралы қол қойылып, компанияның мөрімен расталған мінездеме (шолу) рәсімдеу.

4. МЕМОРАНДУМНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

4.1. Осы Меморандум тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өздеріне қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

4.2. Тараптардың кез келгені осы Меморандумның қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы, бұл туралы екінші Тарапты болжамды тоқтату күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

4.3. Тараптардың осы меморандумда көзделген міндеттемелерді орындамауы шартты мерзімінен бұрын бұзу үшін негіз болып табылады.

4.4. Меморандумға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тараптардың жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

4.5. Тараптар арасында туындайтын даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ

«УНИВЕРСИТЕТ»

«Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес АҚ
(ұйымның атауы)

030000 Ақтөбе қаласы, Астана ауданы
Ә.Молдағұлова даңғылы 34
(заңды мекен-жайы)

Қазақстан Республика
БИН 130840021720
ИИК KZ476010121000035330
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да
БИК HSBKZZKX
КБЕ 16
8 (7132) 56-82-80
(қала коды көрсетілген байл. телефоны)

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

_____ Мясникова Л.Н.
қолы Т.А.Ә.

МП

«КӘСПОРЫН»

(кәсіпорынның (ұйымның) атауы)

(заңды мекен-жайы)

(РНН, ИИК)

(БИН, ИИК, БИК, КБЕ, банк)

(қала коды көрсетілген байл. телефоны, факсы)

Директор

_____ .
қолы Т.А.Ә.

МП